

Қазақстан Республикасы Парламенті
Сенаты Төрағасының 2023 жылғы
«27» қаңтардағы № 009-ө/а
өкімімен бекітілді.

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппаратының
Басшысы мен Басшысының орынбасарлары арасында міндеттерді
БӨЛУ**

**Сенат Аппаратының Басшысы
М.А. СПОТКАЙ**

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппаратының (бұдан әрі – Сенат Аппараты) қызметіне басшылық жасау.

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен, Парламент Мәжілісінің Аппаратымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратымен, орталық атқарушы және мемлекеттік органдармен, жергілікті өкілді және атқарушы органдармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен қатынастарда Сенат Аппаратының атынан өкілдік ету.

Сенат Аппараты туралы Ережені, Сенат Аппаратының құрылымы мен штаты бойынша ұсыныстарды Сенат Бюросының бекітуіне ұсыну.

Сенат Аппаратының кадрлық мәселелері.

Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту.

Сенат Аппараты комиссияларының құрамдарын бекіту.

Сенат Аппаратының құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді, Сенат Аппаратының мемлекеттік қызметшілерінің лауазымдық нұсқаулықтарын және басқа нұсқаулықтар мен қағидаларды бекіту.

Сенат Аппаратының мемлекеттік қызметшілерін көтермелеу.

Сенат Аппаратының мемлекеттік қызметшілеріне тәртіптік жаза қолдану.

Сенат Аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік қызметшілерінің қызметін бағалау жөніндегі комиссиясының жұмысын үйлестіру мәселелері.

Сенат Аппараты қызметкерлерін іссапарға жіберу мәселелері.

Сенат Аппараты қызметкерлерінің ішкі тәртіп қағидаларын сақтау мәселелері.

Сенат Аппаратында мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың орындалуын бақылау.

Сенаттың және оның Бюросының қаулыларының, Сенат Төрағасы өкімдерінің орындалуын бақылау.

Парламент Сенаты Төрағасы Хатшылығының жұмысын бақылау және үйлестіру.

Сенаттың және оның Аппаратының қызметін кадрлық қамтамасыз ету, мемлекеттік қызмет саласындағы кадр саясатын іске асыру мәселелері

бойынша Кадр жұмысы және ақпараттық қауіпсіздік бөлімінің қызметін бақылау және үйлестіру.

Сенат ғимаратында және Парламент Сенатының ғимаратына іргелес жатқан аумақта рұқсаттамалық және объектішілік режимнің ұйымдастырылуы мен қамтамасыз етілуі мәселелері.

Ақпаратты қорғау және құпиялылық режим жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету мәселелері.

Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатында Іс қағаздарын жүргізу нұсқаулығының сақталуын бақылау.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезін және оның Хатшылығын дайындау.

Сенат Аппараты Басшысының орынбасары М.С. УАҚПАЕВ

Сенат депутаттарының заң шығару қызметін, соның ішінде заң шығару бастамашылығы құқықтарын іске асыруы кезінде құқықтық қамтамасыз ету мәселелері.

Заң жобалау жұмыстары және парламентаралық ұйымдардың үлгілік заңнамалық актілері жөніндегі ведомствоаралық комиссиялардың материалдары бойынша жұмысты ұйымдастыру мәселелері.

Сенат Аппаратының қызметін құқықтық қамтамасыз ету мәселелері.

Сенаттың заң шығару қызметі мәселелері бойынша Заңнама бөлімінің жұмысын бақылау және үйлестіру.

Сенаттың тұрақты комитеттерінің заң жобаларына тәуелсіз сараптама және әлеуметтік зерттеулер жүргізу мәселелері.

Сенаттың тұрақты комитеттерімен өзара байланыс жасау бөлімдерінің жұмысын бақылау және үйлестіру.

Парламенттік тыңдауларды, үкімет сағаттарын, дөңгелек үстелдерді, конференцияларды және басқа да іс-шараларды дайындау және өткізу мәселелері.

Өзі жетекшілік ететін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің Парламенттегі өкілдіктерімен, Парламент Мәжілісінің Аппаратымен, басқа да мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау мәселелері.

Сенат Аппараты Басшысының орынбасары О.Қ. ДАНАБЕКОВ

Сенат Бюросы мен Сенат отырыстарына дайындық және оларды өткізу, Сенатта және Аппаратта жоспарлау жүйесін ұйымдастыру, Сенат қызметінің нәтижелерін қорытындылау және есептілік жүйесін ұйымдастыру мәселелерін қоса алғанда, Ұйымдастыру-бақылау жұмысы бөлімінің қызметін бақылау және үйлестіру.

Сенаттың заң шығарушылық қызметін құжаттамалық қамтамасыз ету, қызметтік хат-хабарларды, азаматтардың өтініштері мен арыздарын, сондай-ақ депутаттық сауалдарды қарау мәселелері бойынша Жалпы бөлімнің жұмысын бақылау және үйлестіру.

Палатаның заң шығару қызметін қамтамасыз ету, сондай-ақ құжаттарды редакциялау, мемлекеттік тілден ресми тілге және ресми тілден мемлекеттік тілге аудару, Палата отырыстарының, Бюро отырыстарының ілеспе аудармасын ұйымдастыру мәселелері бойынша Редакциялық-баспа бөлімінің жұмысын бақылау және үйлестіру.

Қаржылық-шаруашылық, көліктік және өзге де қамтамасыз ету мәселелері бойынша Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасымен, сондай-ақ Сенат пен оның Аппаратының қызметін автоматтандыру және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау мәселелері.

Өзі жетекшілік ететін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің Парламенттегі өкілдіктерімен, Парламент Мәжілісінің Аппаратымен, басқа да мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау мәселелері.

Сенат Аппараты Басшысының орынбасары Ғ.С. НЫҒЫМЕТОВ

Парламент Сенатының парламентаралық байланыстары мен халықаралық ынтымақтастығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша Халықаралық ынтымақтастық және Протокол бөлімінің жұмысын бақылау және үйлестіру.

Палата басшылығы мен депутаттары қатысатын халықаралық іс-шараларды, оның ішінде жұмыс сапарлары мен ресми сапарларды, екіжақты және көпжақты кездесулерді, сондай-ақ парламентаралық өзара іс-қимыл жасау іс-шараларын протоколдық-ұйымдастырушылық қамтамасыз ету мәселелері.

Палата басшылығы қатысатын мемлекеттік іс-шараларды, оның ішінде өңірлерге шығуды, сондай-ақ ел ішіндегі іс-шараларға баруды протоколдық қамтамасыз ету мәселелері.

Сенаттың Баспасөз қызметінің жұмысын бақылау және үйлестіру.

Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау, Сенат қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету мәселелері.

Сенаттың Интернет-ресурсын және «Қазақстан Республикасы Парламентінің Мониторингі» автоматтандырылған жүйесін ақпараттық толықтыру мәселелері.

Ақпараттық-талдау бөлімінің жұмысын бақылау және үйлестіру.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының жанындағы Жергілікті өкілді органдармен (мәслихаттармен) өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің және «Өңір» депутаттық тобының жұмысын ұйымдастыру мәселелері.

Мәслихаттың, облыс әкімдерінің, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың аппараттарымен өзара іс-қимыл мәселелері.

Палата депутаттарының өңірлердегі мәслихаттар депутаттарымен және халықпен кездесулерін үйлестіру мәселелері.

Өзі жетекшілік ететін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің Парламенттегі өкілдіктерімен, Парламент Мәжілісінің Аппаратымен, басқа да мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау мәселелері.
